Республикалық білім және ғылым порталы
https://bilimger.kz
*ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Куәлік нөмірі:* ***KZ45VPY00102718***

2021

**БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА**

# Қазақ тілі Сан есім 3-сынып

| ЖАРИЯЛАНДЫ | СІЛТЕМЕ |
|---|---|
| 28.04.2021 | https://bilimger.kz/95089/ |

| | | |
|---|---|---|
| Пән: Қазақ тілі<br>Бөлімі: Су-тіршілік көзі<br>Тақырыбы: Сан есім | Мектеп: №47ЖОББ мектеп | |
| Күні: 14.04.2020 жыл | Мұғалімнің аты-жөні: Ш.Қ.Галимова | |
| Сынып: 3 «И» | Қатысқандар саны:28 | Қатыспаған оқушылар:1 |

| | |
|---|---|
| Оқу мақсаты: (Оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес) | 3.3.5.1 жіберілген пунктуациялық, орфографиялық, грамматикалық және стилистикалық қателерді мұғалімнің көмегімен тауып, түзету;<br>3.2.3.1 мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру;<br>3.2.5.1 берілген тақырып/сұрақ бойынша түрлі дереккөздерден (мәтін/сөздік/сызба/кесте/карта) алынған ақпараттарда кездесетін жаңа сөздердің мағынасын сөздіктер арқылы ашу, жүйелеу, мағлұматтардың маңызды тұстарын анықтау;<br>3.4.2.3 сөйлемнен сөз таптарын (зат есім, сын есім, сан есім, етістік) табу. |
| Сабақтың<br>мақсаты | Барлық оқушылар жасай алады: |
| | -мұғалімнің қолдауымен жіберілген пунктуациялық, грамматикалық қателерді тауып, түзетеді<br>-мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтарға жауап береді, берілген сұрақтарды пайдаланып пікір білдіруге -бағытталған сұрақтар құрастырады;<br>-жаңа сөздердің мағынасын түсіндірме сөздікті қолдану арқылы түсіндіреді;<br>-сөз таптары кестесін қолданып, сөйлемнен сөз таптарын табады |
| | Оқушылардың көбі жасай алады: |
| | жіберілген пунктуациялық, грамматикалық қателерді үлгі/талдау негізінде тауып, түзетеді<br>мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастырады және сұрақтарға жауап береді;<br>жаңа сөздердің мағынасын түсіндірме сөздікті қолдану арқылы түсіндіреді, сөздерді сөз таптарына қарай топтастыра алады;<br>сөз таптарының сұрақтарын қолдана отырып, сөйлемнен сөз таптарын таба алады |
| | Оқушылардың кейбірі жасай алады: |
| | жіберілген пунктуациялық, грамматикалық қателерді тауып, түзетеді<br>мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастырады және өз жауабын негіздеп жауап береді<br>жаңа сөздердің мағынасын түсіндіреді, сөздерді сөз таптарына қарай топтастыра алады;<br>сөйлем құрамындағы сөздерді сөз таптарына ажыратып, олардың орнын тәртібін біледі |
| Бағалау<br>критерийлері | • Жіберілген пунктуациялық, орфографиялық, грамматикалық қателерді табады<br>• Мәтінге байланысты сұрақтар құрастырады<br>• Түрлі дереккөздерден жаңа сөздердің мағынасын сөздіктер арқылы ашады<br>• Сөздерден сөз таптарын табады |
| Сөздік қор | Пәндік терминология мен тірек сөздер<br>Сан есім |
| | Диалог пен жазу үшін пайдаланылатын сұрақтар: |
| | Сұрақтар құрастырады және зат есім, сын есім, етістік, сан есімді сұрақтары арқылы ажыратады |
| Құндылықтар | Су шаруашылығында жұмыс жасайтын мамандықтарды құрметтеуге, балықтың құрып бара жатқан түрлерін қорғауға тәрбиелеу. |
| Пәнаралық байланыс | Дүниетану |
| Алдыңғы<br>меңгерілген білім | Сөз таптарын ажыратады |
| Сабақ барысы | |

| Жоспарланған уақыт | Оқушылардың жоспарланған іс-әрекеті | Дереккөздер |
|---|---|---|
| Сабақтың басы<br><br>1 минут<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>4 минут | Шаттық шеңбер<br>*Қол алысып, қәне, біз,*<br>*Достасайық бәріміз.*<br>*Айтарым бар сендерге,*<br>*Тез тұрыңдар шеңберге.*<br>*Қандай жақсы бір тұру,*<br>*Достарменен бір жүру!*<br>*Қандай жақсы дос болу*<br>Сандар арқылы 3 топқа бөлу.<br>Миға шабуыл (Т.ж.) «Кім тапқыр» әдісі<br>1-топ сан есімдерді сөз құрамына талда<br>Алмаға кеп күнара<br>Қонушы еді бір ара<br>Бүгін тоғыз туысын<br>Ертіп келді бұл ара.<br>Сонда бүгін алмаға<br>Келіп қонды неше ара?<br>Жауабы: 10 ара<br><br>2- топ<br>Өлең есептің шешуін тап<br>Ертеңгісін атам<br>Екі серкені қорадан қуып еді.<br>Егіз бөрте лақ ере шықты<br>Бөрте лақтардың енесі<br>Олармен ере шықты<br>Сонда барлығы неше ешкі далаға шықты?<br>Жауабы: 5 ешкі<br>3-топ<br>Жұмбақтың шешуін тап<br>Шығармақ боп кеше есеп<br>Жиналғанда бес есек.<br>Үшеуі ұйықтап отырды<br>Ынталысы неше есек?<br>Жауабы: 2есек | <br><br>Слайд 3<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Слайд 4<br><br>Қосымша 1 |

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

Сабақтың ортасы
7 минут

3.3.5.1 (Ж.Ж) «Сөздік гол» ойыны
30-жаттығу Өлеңнің ұйқасын тауып белгіле және жаз.

Слайд 5
Қосымша 2

| *Сөз* | *құлап* | *ағып* | *қағып* | *бұлақ* |
|---|---|---|---|---|
| *Сылдыр* | | | | |
| *Таудан* | | | | |
| *Жатыр* | | | | |
| *Мөлдір* | | | | |

*Сылдыр ...*
*Таудан ...*
*Жатыр ...*
*Мөлдір ...*

7 минут

Дескриптор:
-сөздердің мағыналық байланысын анықтайды;

Слайд 6
Қосымша 3

— ұйқасын анықтайды;
— ұйқасын жазады
*Қ.Б: жұптар бір-бірін тексеру арқылы кері байланыс беру*
Саралау: *«Дереккөздер» тәсілі*
— Кейбір оқушылар басқа сыныптастарына қарағанда анағұрлым күрделі дереккөздермен жұмыс істей алады.
3.2.3.1, 3.2.5.1 (Ү.Ж) «Сұрақтар желісі» әдісі
31-жаттығу Өлеңді мәнерлеп оқы. Өлең қай жақтан айтылып тұр? Өлең неліктен «Балықшының ұлымын» деп аталып тұр?
1.Шеңбер бойына тұрғызылады. Жіптің басын ұстап тұрып, орамды басқа оқушыға лақтыра отырып сұрақтар балықшының ұлына сұрақтар құрастырады
Мыс: Теңіз айдынына шыққанда қорқыныш сезімі болды ма?
...
...
2.Мәтіндегі мағынасы түсініксіз сөздерді белгіле. Олардың мағынасын сөздіктен біліп ал.

7 минут

Сескенбеймін-
Селк-
Айдын-
Дескриптор:

Слайд 7

-сұрақтар құрастырады
-сөздердің мағынасын талдайды
Топтық жұмыс:»Бас қатырғыш» әдісі
1-топ:К+2+лік, 7+к, ту+1, к+3+ік,1+лік, 100+ім, 100+ік, 5+ік
жел+90, 6+бақан, К+3,7+ата,Т+10

2-топ: 1. ... ... ауыз сөздің тобықтай түйіні бар. (тоқсан)
2. ... ... теңгең болғанша, ... ... досың болсын. (жүз)
3. ... ... кісінің түсін білгенші,
... ... кісінің атын біл. (жүз)
4. Білікті ... ... жығады, білімді ... ... мыңды жығады.

9 минут

(бірді, мыңды)
3-топ:

| 3 | 5 | 11 | 9 | 12 |
|---|---|---|---|---|
| қ | а | ш | м | е |

Слайд 8
Қосымша 4

| 8 | 2 | 13 | 4 | 6 |
|---|---|---|---|---|
| р | ы | т | о | н |

| 15 | 10 | 1 | 14 | 7 |
|---|---|---|---|---|
| , | д | с | ғ | . |

| 5 | 14 | 5 | 11 |
|---|---|---|---|
| | | | |

| 13 | 5 | 9 | 2 | 8 | 2 | 9 | 12 | 6 | 15 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | |

| 5 | 10 | 5 | 9 |
|---|---|---|---|
| | | | |

| 10 | 4 | 1 | 2 | 9 | 12 | 6 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| д | о | с | ы | м | е | н |

| 9 | 2 | 3 | 13 | 2 | 7 |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |

Қ.Б: мадақтау арқылы
Саралау: *«Қарқын» тәсілі* Негізгі тапсырмаларды түсіндіруде көмек қажет ететін оқушыларға біршама уақыт беріледі
3.3.5.1, 3.4.2.3 (Ж.Ж) Көру диктанты
32-жаттығу Өлеңнің тыныс белгілерін қойып жаз.Сан есімнің астын сыз.
Су табиғат байлығы
Өзен-көлге барғайсың
Кемі екі рет әр күні
Суға түсіп тұрғайсың
Дескриптор:
-жатқа жазады
-тыныс белгілерін қояды
-сан есімді табады
*Қ.Б: смайликтер арқылы бағалау*
Саралау: *«Қорытынды» тәсілі*
Тест тапсырмалары
1.Сан есім қандай сұраққа жауап береді?
А)қандай? қанша? ә) не? нешінші? б) қанша? неше? нешінші?
2. Сан есімді көрсетіңдер?
А) бес ә) кітап б) белсенді
3. Сан есімді көрсетіңдер?
А ) бес, сана, ұйықта ә) елу бес, жас, кәрі б) қырық, елу, жүз
4. Сан есім дегеніміз .... білдіреді
А) заттың атын ә) заттың санын, ретін б) заттың сынын
5.Күрделі сан есімді тап:
А) оныншы ә) он бес б) жетеу
6.Дара сан есімді тап?
А)бес ә)сексен бес б)жетпіс жеті

— Барлық оқушылар бір тапсырманы орындаса да олардың нәтижелері әртүрлі болады.
3.2.5.1, 3.4.2.3 (Ж.Ж ) «Ойлан, жұптас, бөліс» әдісі
33-жаттығу Ребустарды шеш. Шешуіндегі сөздерді қатыстырып сөйлемдер құра. Ребустардың шешуіндегі сөздер сан есім екенін дәлелде.

*Д әлелдеу үлгісі:* заттың санын білдіреді
Б ұл – сан есім, өйткені

Дескриптор:
-ребусты шешеді
-сөздерді қатыстырып сөйлем құрайды
-сан есім екенін дәлелдейді
*Қ.Б: жұптар бір-бірін бас бармақ арқылы бағалау*
Саралау: *«Диалог және қолдау көрсету» тәсілі*
— Кейбір оқушыларға тапсырманы орындау барысында жан-жақты әрі нақты көмек қажет болады.

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған. 

| | | |
|---|---|---|
| Сабақтың соңы<br>5 минут | Рефлексия «Не? Қалай?» әдісі<br>Сабақ тақырыбы бойынша НЕ? үйренгендерін және оны ҚАЛАЙ? үйренгендерін айтады.<br><br>Үй тапсырмасы:<br>34-жаттығу Жұмбақты оқып, шешуін тап. Жұмбақтың шешуіндегі сөзді сипатта | Слайд 9<br><br><br><br>Слайд 10 |

Қосымша ақпарат

| Саралау – оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз? | Бағалау — оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз? | Денсаулық пен қауіпсіздік техникасының сақталуы |
|---|---|---|
| *«Дереккөздер» тәсілі* Кейбір оқушылар басқа сыныптастарына қарағанда анағұрлым күрделі дереккөздермен жұмыс істей алады<br>*«Қарқын» тәсілі* Негізгі тапсырмаларды түсіндіруде көмек қажет ететін оқушыларға біршама уақыт беріледі<br>*«Қорытынды» тәсілі* Барлық оқушылар бір тапсырманы орындаса да олардың нәтижелері әртүрлі болады.<br>*«Диалог және қолдау көрсету» тәсілі* Кейбір оқушыларға тапсырманы орындау барысында жан-жақты әрі нақты көмек қажет болады. | *Қ.Б: жұптар бір-бірін тексеру арқылы кері байланыс беру*<br>Қ.Б: мадақтау арқылы<br>*Қ.Б: смайликтер арқылы бағалау*<br>*Қ.Б: жұптар бір-бірін бас бармақ арқылы бағалау* | Топтық және оқу құралдарын қолдануда қауіпсіздік ережелерін сақтау |
| Сабақ бойынша рефлексия<br>Сабақ мақсаттары/оқу мақсаттары дұрыс қойылған ба? Оқушылардың барлығы ОМ қол жеткізді ме? Жеткізбесе, неліктен?<br>Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме?<br>Сабақтың уақыттық кезеңдері сақталды ма?<br>Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болды, неліктен? | | |

Жалпы баға

Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?
1:

2:

Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?
1:

2:

Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік/қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі
© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.